



**ALMA**  
ALMATY MANAGEMENT  
UNIVERSITY



# Тақырып: Қаржы нарығының инфрақұрылымы мен құрамдас элементтері

э.ғ.к., доцент Мадыханова Кундыз Адилхановна

**Қаржы нарығы** – бұл әр түрлі нысандағы ақшалай капиталдың және бағалы қағаздардың қозғалысымен байланысты экономикалық қатынастар.

**Ақша нарығы** дегеніміз қолма-қол ақшалай ғана емес, сонымен бірге қолма-қолсыз төлемдік қаражаттарды да кіріктіретін төлем қаражаттардың нарығы

**Капиталдар нарығы** – қоғамдық өндіріс қатысушыларының орта- және ұзақ мерзімді несиелік капиталға сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын несиелік капиталдар нарығы

## **Қаржы нарығы**

**Валюта нарығы** – бұл шетелдік валютаны сатып алу-сату бойынша операцияларды және уақытша бос валюталық қаражаттарды орналастыру бойынша қатынастар нарығы

**Бағалы қағаздар нарығы** – бағалы қағаздардың шығарылымы және айналысы бойынша нарық қатысушылары арасындағы экономикалық қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады

Қаржы ресурстарын сатушылар мен сатып алушылардың арасындағы қаржылық активтер мен міндеттемелердің саудасын ұйымдастыру **қаржы нарығының міндеті** болып табылады.

Әр түрлі меншік  
нысандағы тәуелсіз  
шаруашылық  
жүргізуші  
субъектілер

The diagram consists of three overlapping yellow ovals with green borders. The top oval contains the text 'Әр түрлі меншік нысандағы тәуелсіз шаруашылық жүргізуші субъектілер'. The bottom-left oval contains 'Мемлекеттік басқару органдары'. The bottom-right oval contains 'Үй шаруашылығы (жеке тұлға)'. The central area where all three ovals overlap contains the text 'Қаржы нарығының субъектілері'.

**Қаржы  
нарығының  
субъектілері**

Мемлекеттік  
басқару  
органдары

Үй  
шаруашылығы  
(жеке тұлға)

## Қаржы нарығының негізгі функциялары

1

- **Реттеушілік** – оның көмегімен мемлекеттік басқару органдарының және өзін-өзі реттеу ұйымдарының тарапынан нарықты реттеу жүзеге асырылады

2

- **Ақпараттық** – қаржы нарығына қатысушылардың барлығына ақпараттарға толық және теңдей қол жеткізуді қамтамасыз етеді

3

- **Бөлу** – қаржы нарығы құралдарының айналысы ақша қаражаттарының экономиканың бір саласынан екіншісіне, нарықтың бір қатысушысынан екіншісіне өтуін қамтамасыз етеді және сонымен бірге қаржы ресурстарының бөлінуіне әсер етеді

4

- **Коммерциялық** – қаржы нарығындағы жүзеге асырылатын операциялар мәмілеге қатысушылардың барлығына қандайда бір табыс әкеледі

5

- **Баға белгілеу** – қаржылық құралдардың бағасы нарықта еркін бәсекелестік жағдайындағы сұраныс пен ұсыныстың әсерімен қалыптасады

## **Қаржы нарығының функциясын анықтайтын алғышарттарға мына факторларды жатқызуға болады:**

- қаржы ресурстарын қайта бөлуде мемлекеттің рөлін барынша азайту;
- монополияны шектеу және бәсекелестікті дамыту мақсатында барлық меншік түріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің толық дербестігін қамтамасыз ету;
- бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін елдегі Орталық банктің ссудалық қорын пайдалануды тоқтатып, бұл мәселелерді мемлекеттік займдарды яғни облигациялар және басқа да міндеттемелерді айналысқа шығару арқылы шешу;
- бағалы қағаздарға инвестициялануы мүмкін шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың ақшалай табыстарын тұрақты өсуі.

## Рейтингтік сыныптардың салыстырмалы сипаты

| Рейтинг мәндерінің трактаты | A.M. Best Co | Moody's             | Standard & Poor's  | Duff & Phelps      | Weiss        |
|-----------------------------|--------------|---------------------|--------------------|--------------------|--------------|
| Ең жоғары сенімділік        | A++,<br>A+   | Aaa                 | AAA                | AAA                | A+           |
| Жақсы сенімділік            | A, A-        | Aa1;<br>Aa2; Aa3    | AA+; AA;<br>A1     | AA+;<br>AA; AA-    | A; A-        |
| Өте жоғары сенімділік       | B++,<br>B+   | A1; A2              | A+; A              | A+; A              | B+; B        |
| Жоғары сенімділік           | B; B-        | A3                  | A-                 | A-                 | B-           |
| Қанағат-танарлық сенімділік | C++,<br>C+   | Baa1;<br>Baa2; Baa3 | BBB+;<br>BBB; BBB- | BBB+;<br>BBB; BBB- | C+; C;<br>C- |
| Төмен сенімділік            | C, C-        | Ba1;<br>Ba2; Ba3    | BB+; BB;<br>BB-    | BB+;<br>BB; BB-    | D+; D;<br>D- |
| Өте төмен сенімділік        | D,<br>NA-7   | B1; B2;<br>B3       | B+; B; B-          | B+; B; B-          | E+; E;<br>E- |
| Сенімділіктің болмауы       | E, F,        | Caа; Ca;<br>C       | CCC+;<br>CCC; CCC- | CCC+;<br>CCC       | F            |
| Банкроттық                  |              |                     | CC; C; D           | DD                 |              |



Қаржы нарығын реттеу және өзін-өзі реттеу құралдарының ең ықпалдыларының бірі ретінде ұйымдарға белгілі бір артықшылықтар беретін қатысушылардың рейтингін айтуға болады:

- жаңа клиенттерді тартудың және нарық үлестерін ұлғайтудың мүмкіндіктері;
- қызмет тиімділігін арттыру мүмкіндігі;
- компанияның сенімділік деңгейіне сәйкес қызметтерінің ақыларын белгілеу;
- компанияның инвестициялық тартымдылығының өсуі және т.б.